

Ертлеуова Балауса Отаргалиевнаның 6D120100 – «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «*Artemisia lerchiana* негізінде дайындалған препараттың жануарлардың жараларын емдеудегі тиімділігін анықтау» тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысына

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігі, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы. Жануарлардың әр түрлі жарақаттары салдарынан көптеген асқынулар пайда болады, сонымен бірге осы жарақаттар жануарлардың тұқымдық құндылығын, өнімділігін төмендетеді және оларды емдеуге жұмсалатын дәрі дәрмектер мен мал дәрігерінің жұмыс уақыты айтарлықтай экономикалық шығындарға ұшыратады. Соның ішінде ашық механикаләк жарақаттарды емдеу және асқынуларының алдын алу ветеринариялық хирургияның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Мал шаруашылықтары жағдайында жара инфекциясы көп жағдайларда түрлі асқынуларға алып келеді, айта кетсек иммунитеттің түсүі, аэробты және анаэробты инфекциясының дамуы ал олар жануарлардың өнімділігінің және өнім сапасының түсүі салдарының залал келтіреді.

Қазіргі уақытта ветеринария мамандары жараларды емдеудің әртүрлі әдістері мен дәрі дәрмектерді қолдануда, соның ішінде жақпа майлар көмегімен жараларды жергілікті емдеу кең таралған, дегенмен, жараларды емдеу мәселесі әлі де өзекті болып қала беруде.

Жараларды емдеуде ұсынылған әдістемелер мен препараттардың әрқайсының кемшіліктеріне - қолдану қындығы мен жиілігі, қымбатшылығы, микрофлораның осы препараттарға тез бейімделуін жатқызуға болады, осыған сәйкес өндіріске қол жетімді, арзан және тиімді дәрілік заттар мен патогенетикалық терапия әдістеру қажет. Шешілмеген басты мәселелердің бірі бұл - антибиотиктер мен антисептиктерге микроорганизмдердің төзімділігінің қалыптасуының күшеоі.

Осыған байланысты жануарлардағы жараларды емдеуде бактерияға, қабынуға қарсы, сондай-ақ регенерация үрдісін ынталандыратын өсімдік тектес препаратты әзірлеу осы аспектіде маңызға ие болып отыр.

Олардың ішінде ағза үшін зиянсыз, жануарлардың әртүрлі ауруларын емдеуде нәтижелі болып келетін жусаннан дайындалған препараттар аса назар аударуды қажет етеді.

Батыс Қазақстан облысында жусанның кеңінен таралған түріне *Artemisia lerchiana* өсімдігі жатады. Аталған өсімдіктің құрамынан микробқа қарсы сипаты бар белсенді зат айқындалған, бірақ оның фармакологиялық әсері туралы ғылыми әдебиеттерде мәліметтер аз.

Б.О.Ертлеуованаң «*Artemisia lerchiana* негізінде дайындалған препараттың жануарлардың жараларын емдеудегі тиімділігін анықтау» тақырыбындағы өсімдіктекес жана препаратты дайындауға және оны хирургиялық жараларды нәтижелі емдеу үшін пайдалануға бағытталған диссертациялық жұмысы қазіргі кезде өзекті жұмыс болып табылады.

Орындалған жұмыстың өзектілігі, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын гранттық қаржыландырылатын AP15473422 «Жануарлардағы хирургиялық жарақаттарды емдеуде *Artemisia lerchiana* негізіндегі препараттың емдік тиімділігін анықтау» (2022-2024 жж.) тақырыбындағы «Жас ғалым» жобасы арқылы орындалып жатқан жұмысы арттыра түседі.

Осылайша, тақырыптың өзектілігі күмән тудырмайды және хирургиялық жарақаттардағы емдік шаралардың тиімділігін арттыру үшін маңызды шешім болып табылады.

**Негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелер.** Б.О.Ертлеуованаң «*Artemisia lerchiana* негізінде дайындалған препараттың жануарлардың жараларын емдеудегі тиімділігін анықтау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұны мен құрылымы бойынша докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді. Диссертацияның негізгі бөлімдері: тақырыбы, өзектілігі, қойылған мақсаты мен міндеттері бойынша ғылыми дәрежеге сәйкес біліктілік сипаттына толығымен сай.

**Ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.** Диссертация авторымен алғаш рет препараттың хирургиялық жараларды емдеудегі бактерияға қарсы қасиеттері зерттелініп, нақтыланған. Диссертация авторы зертханалық және өндірістік жағдайлардағы жұмыстарына қатысып, зерттеулерді өзі жүргізді.

Бұл жерде ғылыми жұмыстың жаңашылдығы ешқандай күмән туғызбайтындығын айта кету қажет, ал тәжірибелік маңыздылығы ауру жануарларға емдеу шараларын жүргізу үшін пайдалануға болатындығын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Б.О.Ертлеуова ғалымның барлық құзыреттілігіне лайық деп санаймын. Бұл ойды ғылыми жұмыстың материалдары мен нәтижелері де растайды. «Жас ғалым» жобасы аясында ғылыми жұмыстарды жүзеге асыру үшін автор материалдар мен зерттеу әдістерін дұрыс таңдап, алынған нәтижелерге толық талдау жасаған.

Автордың ұсынымы жұмыс жасап жүрген ветеринарлық мамандарға жануарларды емдеу үшін, дәрілік өсімдіктерді зерттеуші ғылыми қызметкерлерге, сондай-ақ студенттер, магистранттар мен докторанттарға фармакология және ветеринариялық хирургия саласындағы білімдерін толықтыру үшін пайдалы болып табылады.

**Диссертацияның құрылымы мен мазмұнының тұгастығы.** Диссертациялық жұмыс қойылған талаптарға сәйкес ресімделген. Диссертация келесідей бөлімдерден: кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, өзіндік зерттеулер, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын талқылау, практикалық ұсыныстар, әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

Зерттеу нәтижелері бойынша *Artemisia lerchiana* негізіндегі препараттың қасиеттері зерттелді, оның хирургиялық жараларға қатысты емдік әсері анықталды.

Ғылыми жұмыстың нәтижелері бойынша ветеринариялық хирургияда қолданылатын бактерияға қарсы жаңа препарат ұсынылды.

Докторанттың зерттеуге қосқан жеке үлесі. Диссертация авторымен гылыми мақалалар толық жарияланған, оның ішінде бір мақала Scopus дереккоры базасына кіреді (процентилі 61-ді құрайтын гылыми журнал). Диссертацияның негізгі нәтижелері осы жарияланған жұмыста берілген, бұл диссертация материалының мазмұндалуының толықтығын көрсетеді.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі. Б.О. Ертлеуова 6D120100 – «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша докторантуралық ғылыми бағдарламасының теориялық және тәжірибелік толық курсын ойдағыдай өтті. Жоспарға сәйкес «Краснодар зоотехния және ветеринария ғылыми орталығында» тағылымдамадан өтіп, фармакология саласындағы алдыңғы катарлы технологияларды игерді.

Диссертант жоғары білікті, хирургиялық оталарды жасау дағдыларын итерген, ғылыми әдебиеттермен жұмыстану, ғылыми мақалаларды рәсімдеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйімдастыру барысында кәсіби дағдыларын шебер пайдаланады. Маңыздысы, оның ғылыми-зерттеу жұмыстарында ауыл шаруашылық жануарларымен, ветеринариялық құрал-жабдықтармен және аспаптармен жұмыс жасау дағдыларын пайдалана білуінде.

**Корытынды.** Ұсынылып отырылған диссертациялық жұмыс өз бетімен орындалған біліктілікті айқындайтын ғылыми жұмыс болып табылады және ауру жануарларды емдеу барысында ветеринариялық шараптардың экономикалық тиімділігін арттыруға едәуір үлесін қосады деп санаймын.

Жалпы алғанда, өзектілігі, жаңашылдығы, ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы, коргауға ұсынылатын ғылыми мәселелердің тереңдігі, диссертациялық жұмыстың қорытындыларының негізделуі 6D120100 – «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылышының талаптарға сай, ал оның авторы Ертлеуова Балауса Отаргалиевна философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты.

## Остандук ғылыми көзесші:

## Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу

Университетінің қауымдастырылған

профессоры, ветеринария ғылымдарының

профессор  
кандидаты

К.А.Орынханов

К. А. Орынхановтың көлүп растаймын

К.А. Орынхановтың, көзак ри-  
кулазу басбылыми хатшысы,

## РЯЗУ Васильев А.Е. профессор

V.K.Керимова

2024 ж.



## РАСТАЙМЫН

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу  
университетінің ғылыми кеңесінің хатшысы  
*Хашимов Адиль* «22» 08 2024 ж.